



Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы

Мария Наятовна Ерманова,
мектепке дейінгі тәрбие мен
оқыту мазмұны бөлімінің басшысы

Нұр-Сұлтан, 2021

Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігі – олар белсенді әрекеттер мен практика арқылы үйренеді. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметі тек ойын түрінде өткізілуге тиіс

Ойын технологиясының **мақсаты** – баланың мінез-құлқын өзгерту және оны арнайы мінез-құлық дағдыларына үйрету емес, балаға ойында өзін толғандыратын жағдайды «бастан кешіруге» мүмкіндік беру

Ересектер білім беру процесінде ойын технологиясын қолдана отырып, тілектестік, эмоционалдық қолдауды жүзеге асыра білуі, қуанышты жағдай жасап, баланың кез келген ойын және қиялын көтермелеуі қажет. Тек осы жағдайда ойын баланың дамуы үшін және ересектермен ынтымақтастықта оң ахуал орнатуға пайдасын тигізеді

- Одан әрі ойын режимдік сәттерді орындаумен байланысты балалардың барлық танымдық, тілдік, ойын, қимыл-қозғалыс, өнімді әрекет түрлеріне енеді.

Балалардың сөйлеуі олардың практикалық заттық әрекеттерімен тығыз байланысты

- Балаларға зор қуаныш сыйлайтын халық ойындары, әндер, тақпақтардың маңызы.

Қимылды ойындарда ересектермен бірге сөздерді айту арқылы балалардың сөйлеуге ынтасы пайда болады

Ойын технологияларын пайдалану жеке тұлғаға бағытталған технологияларды табысты іске асыруды, баланың өзіндік сөйлеу немесе мінез-құлық іс-әрекетіне деген қажеттілігінің барынша қанағаттануын қамтамасыз етеді.

Ойында бала қоршаған әлем туралы білімді белсенді игеруге, сөздікті байытуға, қоғамда дұрыс мінез-құлық дағдыларын игеруге мүмкіндік алады.

- Ұлттық ойындар – бабаларымыздан қалған асыл қазына. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды үйретудің балаларды дамыту мен тәрбиелеуде маңызы зор. Ойын әр баланың алдынан өмірдің жарқын сәттерін ашып, жеке қасиеттерімен біте қайнасып, әрі қарай дамуымен ұштасады.
- Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс.